

***Жеке адамның индивидуалды ерекшеліктерін талдау және оны тергеу, сот, сауықтыру және түзету жұмыстарында есепке алу.***

*Сабақ жоспары:*

- 1. Мінез бітістері мен акцентуациясы, психопатия түрлері.*
- 2. Азаматтық процестегі жеке тұлғалар арасындағы психология*

1) Адамның мінез акцентуациясы мәселелері тек психолог мамандары үшін ғана емес заңгерлер әсіресе, қылмыспен күрес жүргізу мекемелері үшін де маңызды. Акцентуацияның негізі болып дені сау адамның мінезінің кей қасиеттерінің қатты өзгеруі немесе акцентуациясы психопатияның шегінде тұруы, тек субъектіге белгілі бір күрделі жағдайларда, оның мінезінің типіне қарсы тұру қажеттілігінің төмендігіне талаптың жоғары болғанында ғана анық байқалады (А.Е.Личко). Гипертимді – тез қозғыш мінез типті субъектілер үшін, оның қасиеттері (белсенділік, ширақтық, аса көпшілдік, лидер болуға ұмтылу) жағымсыз әлеуметтік әсерлерден, тәрбиенің ақсауынан қозғыш типтер келеңсіз топтың әсеріне тез қосылады (құмар ойындар, ішімдік ішу т.с.с.).



## 2. Психопатия түрлері:

```
graph TD; A[2. Психопатия түрлері:] --> B[Тұрақсыз тип]; A --> C[Истериялық тип]; A --> D[Психатеникалық тип]; A --> E[Шизоидты тип];
```

Тұрақсыз тип

Истериялық тип


Психатеникалық тип

Шизоидты  
тип


Тұрақсыз тип. Тұрақсыз психопатия типінің белгілері 11-12 жаста білінеді. Негізгі белгісі – жас балардың қалыпты психикасы ретінде білінетін эмоциялық тұрақсыз ерік. Тұрақсыз психопатиялы адамдардың жоғары ерікті қызметі жетілмегендіктен, өзінің сол сәттегі тілегі мен әуестігін тежей алмайды. Олардың әрекеттері белгілі бір мақсатпен, міндетпен, қарызбен байланысты болмайды, тұрақсыз және өзгермелі ақыл-ойы дұрыс не кемелді болмағанмен, істері жеміссіз не аяқсыз қалады



Истериялық типтің негізгі белгісі – айқын дарашылдық, қайткен күнде де айналасындағылардан ерекшелену, біріншілікке ұмтылу. Истериялық психопатия барлық жұртты мойындатуды тойымсыздықпен көксеу тән. Неміс психиатры Шнейдер мұндай адамдарды «мойындатуды көксейтіндер» деп атады. Истериялық психопатия жыныстық жетілмеген және жетілген кезде, кейде жас балаларда да кездеседі. Психопатияның осы түрі әйелдерде жиі, кейде еркектерде де кездеседі. Мұндай адамдардың дарашылдығы мойындатуды көксеумен, жасандылықпен, қоқиланумен, қыр көрсетумен бірге өтеді.



Шизоидты тип. Бұл – патологиялық тұйық, айналадағылармен қарым-қатынас жасауға ынта-ықыласы жоқ, оқшау жүретін ішкі жан дүниесі бай, бірақ сырт келбеті кедей адам. Бұларға тәртібі мен эмоциялық қайғы-қасіреті арасындағы қарама-қайшылық тән. П. В. Ганнушкиннің айтуы бойынша, олардың эстетикалық сезімінәзік, принциптік және адамдық мәселелерге сезімтал, сөйте тұра қасындағылардың қайғысы мен қуанышына ортақтаспай, тіпті түсіндейді.



Психастеникалық тип. Бұл негізінен ересек адамдарда кездеседі. Бірақ кейбір психастеникалық белгілер жас кезінде де білінеді. Сужүректік, қорқақтық, қараңғыдан, жалғыздықтан қорқу, жүрексіздік, ұялшақтық, өзінен кішілермен ойнау, тыныш ойындар, сурет салу, айтқанды тыңдау – астеникалық типке тән белгілер. Осы типтегі балалар шулы ойындардан қашып, үзіліс кезінде оқшауланып, төбелеске жоламайды. Олар тырысып оқиды, бірақ жауап бергенде ұялады, ынталы оқушы болудан именеді, көптің арасынан ерекшеленбеуге тырысады, өзіне артық назардың аумауын, белгісіз болып қалуды және ешкімнің тиіспеуін қалайды



2) Азаматтық процестегі жеке тұлғалар арасындағы психология. Азаматтық процестің ары қарай жылжуы және дамуының бағыштылығы, сот қорғауына жүгінуі азаматтық процестің негізгі принципін, яғни диспозитивтілік принципін құрайды.

Сот мәжілісінің басымырақ психологиялық бөлімі – тараптардың жарыссөздері. Қызығушылықтың қақтығысы мұнда қуаттылық шегін иеленеді. Әрбір тарап ерікті немесе еріксіз түрде сотты өз көзқарастарының ақиқаттылығымен баурап алғысы келеді. Жарыссөз кезінде әрбір тарап қайталап жауап беруге құқылы. Бірақ, сот бұл кезде олардың бір – біріне жәбірлеу, кемсіту сөздер айтуына шектеу қоюы керек.

Профессионалдық бақылаумен қатар сот тарапынан әлеуметтік бақылау да жүргізіледі. Тараптың белсенділігі олардың екінші тарапқа деген ара – қатынасынан көрінеді. Сот тараптарының әрекеттерін байланыстыруы керек, бірдей дәрежеде дәлелдемелердің ұсынуға мүмкіндік беруі керек.





Жарыссөз қағидасы соттың өзі үшін істі объективті түрде, жан жақты және толықтай қарауына мүмкіндік береді. Тараптардың белсенділігі сотпен бағытталады. Тараптар өз талаптарын негіздеу үшін фактілерді хабарлауға, қажетті дәлелдерді келтіруге тек құқылы емес, сонымен қатар міндетті болып табылады. Тараптардың дауларын қарау кезінде сот қажетті дәлелдерді ажыратады. Тараптар куә болған адамнан жауап алу кезінде де процеске қатысуға құқылы. Олардың қатысуымен сарапшының қорытындысы да тыңдалады.

Жарыссөз принципі тараптардың өзара қатынасының мінез – құлқымен де байланысты.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық реттеу оған қатысушылардың мінез – құлығын реттеумен өзара байланысты екені сөзсіз. Дауласқан жағдайларда адамдар өз мінез – құлқытарын әр түрлі жағдайлармен көрсетеді.

